


ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТАРИХЫ

Рим тарихы





Дәрістің жоспары:

1. Рим тарихи шығармаларындағы грек мұрасы
2. Дүниежүзілік тарихтың жанрлары

Дәрістің негізгі идеялары: Римдіктер тарихты үздіксіз процесс ретінде қабылдады. Сауатты римдіктер қала мен мемлекет ұзақ, ғасырлап өмір сүру керек деп санады. Олар Тағдырдың еркімен Римге қарапайым мемлекеттен қуатты және ұлы мемлекетке айналу көзделген деген пікірде болды. Ерте империяның тарихшылары тарихты ашусыз, әділ принцип негізінде жазу керек деп санады.

Дәрістің негізгі цитаталары:

«Келіскенде болмашы істер өседі, келіспеген жағдайда ең үлкені өледі» - «При согласии незначительные дела вырастают, при несогласии величайшие гибнут» (Гай Саллюстий Крисп)

Рим тарихи шығармаларындағы грек мұрасы

Римде тарихтың қалыптасуы мен дамуына ежелгі Грецияның тарихи мектебі үлкен ықпал етті. Римдіктерге тарихтың идеясы дәстүр мен орын ұғымдарымен байланысты болды деп есептеген. Римдіктер Рим қаласының негізі қаланған кезеңнен бастап уақыт есебін жүргізді. Рим олар үшін бүкіл әлемнің орталығы болды. Римдіктер тарихты үздіксіз процесс ретінде қабылдады. Олар тарихты этрус патшаларынан, сенаттан және патшадан бастады. Римдіктер Рим - Мәңгі қаланың тарихын - өз тарихының негізі деп санады. **Мәңгілік қала Рим – Рим тұрғындары үшін Рим патшалығы өз дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары үстем боған, азаматтық мейірімділіктің қаласы болды.** Бүкіл Италия мен империя провинцияларының өткеніне авторлар ұзақ уақыт бойы қызығушылық танытпаған.

Римде болған тарихи шығармалардың ең ескі жанры анналдар (лат. annus — жыл) болды. Бұл Римдегі дін басшысы понтификтер жасаған оқиғалардың жыл сайынғы жазбалары болды. Понтификтер деп жоғарғы жер алқасының мүшелері аталды. Ерекше күнтізбелерде жоғары шенеуніктердің аттары аталып, мемлекеттік құжаттардың мәтіндері және бір жылда болған маңызды оқиғалар жазылды. Өз жазбаларында понтификтер тек оқиғаларды атаумен шектелді.

Кейінгі уақытта анналдар деп, жылдар бойынша жасалған тарихи жазбаларды хронологиялық тәртіппен жазылуын атай бастады. Б.з.б. 123 ж. жуық көп жылдар бойы жиналған материалдар «Ұлы анналдар» (80 кітапта) орналастырылған. Анналдар Рим тарихнамасын қалыптастыруда үлкен маңызға ие болды.

Жылнамалық тарихтан басқа тарихи дәстүр де біртіндеп пайда бола бастады. Көптеген шығармалар сақталып қалмады, бірақ одан кейінгі авторлардың үзінділерінде немесе сілтемелерінде белгілі болып қалды.

Ең ерте тарихи Рим еңбектері — «жоғарғы сатыдағы анналистердің» шығармалары — б.з. д. III-II ғғ. грек тілінде жазылған. Олардың соңынан «төменгі анналистердің» жұмыстары жүрді.

Ежелгі Римде тарих әдеби жанр ретінде үлкен беделге ие болды. Тарихи шығармалардың авторлары көбінесе қоғамның жоғарғы сатысына тиесілі, саяси қайраткерлер мен әскербасылар болды. Олардың шығармаларына саясат қатты әсер етті. Негізгі қабылдаушы ақиқаттың анықталуы болса да, рим авторлары үшін өткеннің, қазіргі заманғы оқиғаларының түр әлпеті өте маңызды болды.




Республиканың өмір сүруінің соңғы онжылдығында Юлий Цезарь Галлияны бағындыру және азаматтық соғыс туралы «хабарламалар» (пікірлер) жазды.

Цезарьдың өлімінен кейін республиканың құлдырау дәуірінің тарихшысы атақты Саллюстидің шығармалары жазылған.



Кітап: Тарих ғылымының тарихы

Дәріс: Рим тарихы



ГАЙ САЛЛЮСТИЙ КРИСП (б.з.д. 86—35) ұзақ уақыт бойы мемлекеттік қызметпен айналысты, квестор (қаржы және сот істерін жүргізді), халық жанашыры болды, азаматтық соғыс кезінде Цезарьдің жағында шайқасты, Африка провинциясына аудармашы (жоғары лауазымды тұлға) болып тағайындалды. Цезарьдің өлімінен кейін мемлекеттік қызметтен кетіп, өзінің болашағын тарихи шығармаларды жазуға арнады.

Саллюстийдің айтуынша, мүмкін болған барлық істерден ол лайықты еңбек ретінде тарихнамамен айналысуды қалайды.

Саллюстийге «Катилинаның қастандығы» (б.з.д. 41 жж.), «Югуртин соғысы» (б. з. 39 жж. кейін) және б. з. д. 78-66 жж. кезеңін қамтитын аяқталмаған «Тарих» (біздің күнге дейін тек кейін фрагменттер ғана жеткен) еңбектері жатады.



Болжау мен бағалау дәстүрімен тікелей байланысты Саллюстийдің шығармалары Рим тарихнамасы үшін тарихты жазудың жаңа формаларын ұсынады.

Олар жақында өткен жеке оқиғаларға немесе саяси жағдайдың қазіргі заманғы авторларына арналған. Оның көптеген ізашарлары (предшественники) мен ізбасарлары сияқты, тарихпен айналысу өтірікке жол бермеуді және шындықтан қорықпауды, сондай-ақ зұлымдықты бастан кешпеуді талап ететінін мәлімдеген. Ол «Катилинаның қастандығы» туралы тақырыпты таңдауын мемлекет үшін қауіпті қылмыс туралы жазуға ниет білдіруімен түсіндірді. Саллюстийдің еңбектерінің негізінде істің жай-күйі мен «Ұлы Римнің» болашағы үшін жалпы алаңдаушылық сезімі жатты. Тарихшы осы оқиғалардың философиялық мағынасын көрсетуге тырысты.

Өткеннің даңқты болған мемлекеті мен оның соғыстары мен апаттары арасындағы айырмашылықтар Римнің көптеген азаматтарын, оның мемлекеттік қайраткерлерін, ойшылдарын және тарихшыларын алаңдатқан. Бұл ретте мұндай жағдайдың себептерін түсіндіру және оларды негіздеу сенімділік танытпады. Саллюстийдің шығармаларында жалпы құлдырауды түсіндіретін нұсқа жазылған болатын. Ол оның замандастары мен ізбасарлары арасында өте танымал болды. Саллюстийдің пікірінше, Рим Республикасын бірте-бірте ішкі қарама-қайшылықтар әлсіретті. Римдегі азаматтық қауым өркендеген, әлемдегі ең мықты құрылымы бар мемлекеттен «ұятқа қалған» әлсіреген мемлекет деңгейіне дейін құлдырады.

Б. з. д. 146 ж. Рим өзінің соңғы күшті қарсыласы Карфагенді жеңгеніне қарамастан, ішкі дағдарысқа тойтарыс бере алмады.

Мысал ретінде автор, атакты тектен шыққан адамның, үлкен дарындылардың, бірақ зұлымдықтың, қылмыстарға бейім, билікке ұмтылған Катилинаның тарихын ұсынды.

«Тарих» еңбегінде автор патшаларды қуғаннан кейін бірден басталған Римнің ішкі ыдырауының суреттеді. Бұл процесс екінші Пун соғысы кезінде ғана үзілді. Осы уақытта бүкіл Рим халқы ортақ қауіпке қарсы бастары бірігіп топтасты. Бірақ, ол ұзаққа бармады.

Осылайша, Саллюстийдің шығармаларында барлық қиыншылықтар мен Римнің бірте-бірте құлдырауы жалпы адамгершілік бұзылуынан туындаған теория ретінде көрсетілді. Негізгі жанжал қоғамдық мораль саласында болды. Осы жерден тарихтың маңызды мақсаттарының бірі - замандастарға адамгершілік көзқарас және ұрпақтарға сақтық болды.



Кітап: Тарих ғылымының тарихы

Дәріс: Рим тарихы

Автордың Римнің құлдырауы, әлсіреуі туралы жариалауы (констатациясы) оның жамандықты жоюға болмайтындығына сенуі немесе Римнің тез арада жойылуын болжағанын білдірмеді. Саллюстийдің өзі ұзақ уақыт бойы Цезарьді қолдап, оның республикалық-демократиялық тұрақтылықты нығайта түседі деп үміттенген болатын. Сауатты римдіктер қала мен мемлекет ұзақ, ғасырлап өмір сүру керек деп санады. Тарихшы өз замандастарының мінезіндегі ақауларын тауып, оларды сол кемшіліктерден арылу үшін саналы моральдық жетілуге ұмтылуға шақыру керек.

Саллюстийдің шығармалары осы мақсатқа толық жауап бере алды. Олар Фукидидтің, Полибийдің, латын прозасының негізін қалаушы Катонның шығармаларына бағытталды.

Саллюстий шығармаларының мәтіндерінде баяндаудың негізгі сюжеті экскурстармен – өзінше ерекше шегіністермен үзілмелі болды. Ол үзілмелі үзінділерде автор өткен оқиғалар туралы немесе сипатталушының мәнін жақсы түсінуге көмектесетін фактілер туралы егжей-тегжейлі айтқан болатын. Мысалы, римдік азаматтық қауымның пайда болуы туралы, ежелгі кезеңнен бұзылмай сақталған адамгершілік қасиеттері туралы, Цезар мен Катонды салыстыру туралы, Африка жерлері мен халықтары туралы, Сулла мінезінің сипаты туралы және т. б. мысал ретінде қарастыруға болады.

Саллюстийдің назарын фактілер ғана емес, сонымен қатар тарих қаһармандары, олардың ізгілігі мен кемшіліктері бар адамдар қызықтырды.

Автор оқиға болған уақытты болжап көрсеткендіктен, тарихи даталардың кейбіреулерінде дәлсіздіктерге жол берген, бірақ сол оқиғаға қатысушылардың жаркын және тірі портреттерін дәл көрсете білді. Саллюстий өзінің кейіпкерлерінің айтқан пікірлерін адамның мінезін ашу үшін құрал ретінде пайдаланған.

Римде ұзақ уақыт тарихи шығармалардағы кейіпкерлерге автордың өзі ойдан ойлап шығарған пікірлерін айтқызып және сол арқылы кейіпкерлердің мінез-құлқын сипаттау өте кең тараған еді. Алайда, тарихшылар кейіпкерлеріне айтқызатын пікірлерді басынан аяғына дейін ойлап таппады.

Римде ұзақ уақыт бойы мемлекеттік қайраткерлердің өз сөздерін жазу және тарату тәжірибесі кең таралған болатын. Сондықтан мемлекет қайраткерлерінің мәтіндері кеңінен танымал болды.

Саллюстийдің пікірінше, авторлардың әрекеттерін дұрыс сөздермен сипаттау керек болды. Саллюстийдің көркем әдеби стилі, оның бай тілі, пікірлердің қысқа болуы орта ғасыр мен жаңа заман тарихшылары мен жазушыларына әсерін тигізді. Олар үшін Саллюстийдің еңбектері Рим прозасының айрықша үлгісі болды.


Қазіргі заман зерттеушілері Саллюстий Рим тарихын жоғары әдеби өнер деңгейіне көтерген деп санайды.

Цезарь мен Саллюстийдің уақытына дейін Рим мемлекетінің бірыңғай тарихы болған жоқ. Мұндай тарихты өз еңбектерінде республика мен империяның тоғысында өмір сүрген Тит Ливий жүзеге асырды.

Дүниежүзілік тарихтың жанрлары

Саяси қайраткер немесе әскери басшы тәжірибесі болмаған, бірінші ірі Рим тарихшысы — Август дәуірінің танымал жазушысы ТИТ ЛИВИЙ (б.з. 59 - 17 б. з.) болды. Ол Падуе деген қалада өмірге келді, жақсы философиялық және риторикалық білім алды, өз шығармаларын Римде жазып отырды. Мемлекеттік лауазымда жұмыс істемегеніне қарамастан, Ливий патшаға жақын болды.

Тит Ливийдің танымал еңбегі «Римнің бой көтерген кезінен тарихы» (шамамен б.з.д. 27 —9 ғғ.) 142 кітаптан тұрды Бұл шығармада Ромульден Цезарьға дейінгі Римнің тарихы баяндалды. Шығарманың тек 35 кітабы сақталған. Ол 35 кітапта б.з.д 167 жылдан Ливийдің өмір сүрген кезеңіне дейін болған оқиғалар суреттелген.





Кітап: Тарих ғылымының тарихы

Дәріс: Рим тарихы

Ливий алғаш рет Римнің толық тарихын құруға тырысты. Бұндай үлкен еңбек авторға көптеген ұрпақтарда танымалдық әкелді. Бұл кітаптің қадір қасиеті Империяның жалпы рухында болды. XIX ғасырдың кәсіби тарихшылары оның көптеген сенім келтірмейтін көп талданбаған мәліметтері үшін Ливийдің «Тарихын» сынға алды.

Көптеген авторлар тарихшының істің шынайы жағдайын анықтап, өткен оқиғалар туралы шынайы жазу керек деген сенімдерін ұстанды. Шынайылық ұғымының өзі әр зерттеушінің қандай мәдениеттің өкілі екендігіне байланысты болғандықтан тек бір мағынада болмады. Сондықтан, шынайылық ұғымы әр-түрлі ойларымен түсіндірілді. Тарихшы жазған мәтіннің тарихи ақиқаты тарихшының шынайылық туралы түсінігіне сәйкес болуы мүмкін еді. Әдеби баяндаудың тұрақты ережелері ақиқаттың немесе шынайылықтың көрінісі болуы мүмкін еді.

Осылайша, тарихшының ақиқаты – ол міндетті түрде факттің абсолютті шындығы болуға міндетті емес еді. Тарихи ақиқатты тек XIX ғ. фактінің шынайылығы ретінде түсіну ұсынылды. XIX ғасырда ғылыми тарихтың критерийлері анықталды.

Өткенді танудың әртүрлі тәсілдері туралы айта беруге болады. Талдау әдісі өткеннің фрагменттерін әр түрлі дереккөздердің сынына сүйеніп қайта жаңартуды көздейді. Көркем әдісі көркем құралдармен тарихтың шынайы бейнесін жасайды (бекерге емес, тарихтың қамқоршылары музаларының бірі — Клио есептелінді). Ливий үшін маңызды болған екінші әдіс — тарихтың көркем шындығы болды.

Ливийдің өз шығармасының алғысөзінде автордың міндеті — оқырманды тарихта болған оқиғалармен таныстырудың мақсаты – өмірлік тәжірибеден қорытынды жасау, дұрыс шешім қабылдауды үйрену. Тарих адамдардың жеке өмірлерінде кездесетін қиындықтарды жеңуге көмектесуі керек. Тарихты білудің пайдасы деп соны айтуға болады. Ливий өзінің еңбегін адамдарды жақсылыққа сендіруге, үйретуге бағытталған тарих кітабы болады деп ойластырған. Тарихшының айтуынша, ол ең үздік тарихқа ел назарын аударғысы келді. Ұлы өткенді Ливий лайықсыз бүгінгі күндерге, ата-бабалардың батылдығы мен ерлігін – қазіргі заманның құлдыраған адамгершілік ахуалына қарама қайшы қойды.

Барлық Рим тарихшыларына ортақ идея болған ой – мемлекеттің өркендеуі мен бүкіл әлемнен жиналған байлықтардың жинақталуы римдіктердің адамгершілік қасиеттерінің жоғалуына алып келді, азаматтық соғыстарды тудырды және Республиканың құлдырауын жылдамдағты.

Азаматтық Рим мемлекетінің қалыптасуы, гүлденуі және құлдырауы мен құлауы Тит Ливийдің кітабының басты идеясы болды. Тарихшы өз міндетін жаңа мәліметтерді іздеуде емес, ата-бабаларының өмір сүруінің жарқын суреттерін, олардың азаматтық ізгілікті және әскери ерліктерін суреттеу арқылы қалпына келтіруге көрді.

Ливийдің еңбегінде өте ескі тарих баяндалды. Мұндай баяндама өткен оқиғалардың куәгерлерінен сұхбат алудың негізінде құрыла алмады. Мәтіннің басым бөлігі ежелгі Рим тарихы туралы аңыз және әңгімелер, әр түрлі жазбалар, ізашарлар кітаптарынан үзінділер құрады. Осы материалдың негізінде автор өзінің әңгімесін құрастыру керек болды.

Ливий өзінің еңбегін жазу үшін он екі жазушының еңбектерін оқығанын айтып, олардың есімдерін кітабында көрсеткен. Алайда, әр түрлі дереккөздерден алынған материалды пайдалана отырып, тарихшы болған оқиғалардың нақтылығын, ақиқатын анықтамаған. Бұл ретте ол оқырманды келтірілген куәліктердің шынайылығына сенімді емес екенін ескертті. Ливийдің аңыздар мен бөтен пікірлерді түсіндірмеді және сынаған жоқ. Ол саналы түрде оқиғаны бағалаудан бас тартты.

Ливийдің мәтінде тарихи жазудың әртүрлі жолдары байқалады. Ең алдымен бұл понтификалық дәстүр және анналистика болып келеді. Ливий анналистердің жұмыстарынан тек нақты материал ғана емес, сонымен қатар, оқиғаның қалай болғанын және оның артында қандай ниеттер тұрғанын көрсету үшін де пайдаланған. Ол үшін жарқын және тірі әдеби сипаттама жасау талап етілді. Тит Ливийдің еңбегіне Полибий үлкен әсерін тигізді.

Баяндау тақырыптары - әскери іс қимылдар, жауынгерлер туралы әңгімелер. Тит Ливий Геродоттың дәстүріне қарағанда, Фукидидтің дәстүріне ілесті. Оның әңгімелері оқиғаларға, адамдарға және қайғылы әрекеттерге толы болып келеді. Ливий олардың әр-қайсысына моральдік баға берген.

«Қаланың негізін қалаудан басталған Рим тарихы» деген Ливийдің еңбегі көрнекті әдеби шығарма. Ливия риториканы қолдана отырып, көркемдік жетілуге ұмтылды. Оның әңгімесіне адамдардың тарихи портреттері ерекше мәнер береді. Кейіпкерлерінің сөйлеген сөздері негізінде, Ливий римдіктердің рухтарының ұлылығы мен игілікке бағытталған қадамдарын, олардың отбасы мен мемлекетке деген адалдық ұстанымдарын, табандылық пен құрбан болуға дайындылықтарын мадақ еткен. Хронологиялық тәртіппен құрастырылған тарихи оқиғаларда ол ежелгі римдіктердің отбасыларындағы қарапайым және



қатал мінез-құлықтарын, қауіп-қатер кезінде халықтың бірлігі мен патриоттық өрлеуін сипаттаған. Ливийді басқа жерлерден шыққан адамдардың шығу тегі мен олардың ата дәстүрлері қызықтырмады. Ливий тарихтың міндеті «Рим халқының» ерлігін ғасырларға ұластыру деп санады.

Ливий римдіктердің заңдары ежелгі уақыттан бері бар деп есептеді. Ливийдің сөзіне қарағанда, аты аңызға айналған Ромул халықты жинап құрылтай өткізген. Сол құрылтайда Рим халқына заңдарды тапсырған дейді. Тарихшының пікірінше, Тағдырдың еркімен Римге қарапайым мемлекеттен қуатты және ұлы мемлекетке айналу көзделген екен. Осылайша, бүкіл тарих Мәңгілік қаланың айналасында шоғырланған. Ливийдің баяндауында Рим тарихы жалғыз және жалпыға ортақ болды, өйткені Рим бүкіл белгілі әлемді өз назарына қаратты.

Ливийдің осындай жазу тәсілі басқа халықтардың тарихының үлгісіне айналды. Өзінің шығармасында Тит Ливий республиканың соңғы шағында пайда болған «Рим мифін» сипаттап, оны мәңгіге бекітіп кетті.

Өткенді жинақтау оның ұжымдық тарих болуға дайын болған кезде қажет болды.

Ұсынылған ресурстардың тізімі:

1. Барг, М. А. Эпохи и идеи : Становление историзма / М. А. Барг. — М., 1987.
2. Барг, М. А. Категории и методы исторической науки / М. А. Барг. — М., 1984.
3. Бессмертный Ю. А. Метод // Человек в мире чувств : Очерки по истории частной жизни в Европе и некоторых странах Азии до начала нового времени / под ред. Ю. Л. Бессмертного. М., 2000. С. 23.
4. Биск, И. История исторической мысли в новое время / И. Биск. — Иваново, 1983.
5. Блок М. Апология истории. М., 1983
6. Бычков, С. П. Введение в отечественную историографию XX в. / С. П. Бычков, В. П. Корзун. — Омск, 2001.
7. Гутнова, Е. В. Историография истории средних веков / Е. В. Гутнова. — М., 1985.
8. Историография истории нового времени стран Европы и Америки / под ред. И. П. Дементьева. — М., 1990.
9. Историография истории нового и новейшего времени стран Европы и Америки / под ред. И. П. Дементьева, А. И. Патрушева. — М., 2000.
10. Историческая наука и историческое сознание / под ред. Б. Г. Могильницкого. — Томск, 2000.
11. Ковальченко, И. Д. Методы исторического исследования / И. Д. Ковальченко. — М., 1987.
12. Коллингвуд, Р. Дж. Идея истории ; Автобиография / Р. Дж. Коллингвуд. — М., 1980.
13. Косминский, Е. А. Историография средних веков : V в. — середина XIX в. / Е. А. Косминский. — М., 1963.
14. Кроче, Б. Теория и история историографии / Б. Кроче. — М., 1998.
15. Lovejoy A. O. The Great Chain of Being : A Study of the History of an Idea. Cambridge (Mass.), 1936.
16. Могильницкий, Б. Г. История исторической мысли XX в. Вып. I—II / Б. Г. Могильницкий. — Томск, 2001—2003.
17. Насонов, А. Н. История русского летописания XI — начала XVIII в. / А. Н. Насонов. — М., 1969.
18. Немировский, А. И. У истоков исторической мысли / А. И. Немировский. — Воронеж, 1979.
19. Портреты историков : Время и судьбы. В 2 т. / под ред. Г. Н. Севостьянова, Л. Т. Мильской. — М., 2000.
20. Про, А. Двенадцать уроков по истории / А. Про. — М., 2000.
21. Румянцева, М. Ф. Теория истории / М. Ф. Румянцева. — М., 2002.
22. Савельева, И. М. История и время : В поисках утраченного / И. М. Савельева, А. В. Полетаев. — М., 1997.
23. Тош, Дж. Стремление к истине : Как овладеть мастерством историка / Дж. Тош. — М., 2000.
24. Шапиро, А. Л. Историография с древнейших времен по XVIII в. / А. Л. Шапиро. — Л., 1982.
25. Хейзинг Й. Homo ludens : В тени завтрашнего дня. М., 1992.
26. Февр Л. Бои за историю. М., 1991.